



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКИ

**2022 жылдың шілде айындағы  
ҚР аймақтарындағы инфляциялық үрдістер туралы  
ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаменті  
нақты сектор мониторингі басқармасының бастығы  
Игорь Осиповтің  
түсіндірмесі**

*2022 жыл, 16 тамыз*

2022 жылдың шілде айында елде жылдық инфляция қарқын алып, **15,0%-ды** (маусымда – 14,5%) құрады. Аймақтар арасында жылдық инфляция 16 өңірде жеделдеп, 3 облыста бәсеңдеді, 1 өңірде өзгеріс болған жоқ.

Инфляцияның едәуір қарқыны Атырау облысында сезілді (маусымдағы 14,1%-дан шілдеде 16,0%-ға дейін).

**Азық-түлік** бағасының өсу қарқыны шілдеде 19,7% ж/ж дейін ұлғайды (маусымда – 19,2%). Осы топқа жататын тауарлардың бағасы Маңғыстау облысында барынша өсті (24,0%).

**Азық-түлікке жатпайтын** тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 14,2%-ға дейін жеделдеді (маусымда – 13,2%). Ең жоғары мән Нұр-Сұлтан қаласы мен Ұлытау облысында (18,5%-дан), ал ең төменгі мән Алматы қаласында (12,3%) тіркелді.

**Ақылы қызмет көрсету** бағасы шілдеде ж/ж мәнін 9,2% деңгейінде сақтады, бұл ретте жалпы республикалық деңгейден баға едәуір жоғары болған Түркістан (11,4%), Ақтөбе және Жамбыл облыстарында (6,7%-дан) біршама төмен өсті.

2022 жылғы шілдеде елдегі айлық инфляция 1,1%-ды құрады, бұл соңғы 5 жылда шілдедегі инфляцияның орташа мәнінен едәуір жоғары (2017-2021 жылдары: 0,3%).

Барлық өңірде 2022 жылғы шілдеде баға орташа тарихи нормадан жоғары өсті. Айлық инфляцияның анағұрлым қарқыны Атырау облысында байқалды (2,1%).

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1768>

**Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:**

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)